

Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінің жылдық, тоқсандық көлемі мен нысандары туралы Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1998 жылғы 15 мамырдағы N 217 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 28 мамырда тіркелді. Тіркеу N 517. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 424 (V043293) бұйрығымен.

1. Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінің жылдық, тоқсандық көлемі мен нысандары туралы нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту: Бұйрықтың атауындағы және 1-тармағындағы "Бюджеттік ұйымдардың" деген сөздер "Мемлекеттік мекемелердің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 19 ақпанда N 71 бұйрығымен.

2. "Бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдардың бухгалтерлік есебінің жылдық, тоқсандық көлемі мен нысандары туралы нұсқаулықты бекіту" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 329 бұйрығының күші жойылған деп танылсын.

Б і р і н ш і

вице-министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р л і г і

Б Ұ Й Р Ы Қ

15.05.98 г. N 217

Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінің жылдық, тоқсандық көлемі мен нысандары туралы Нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулықтың атауындағы, бұдан әрі мәтін бойынша және қосымшалардағы барлық септеулерде көпше түрде де, сол сияқты жеке түрде де пайдаланылатын "бюджеттік ұйымдар", "ұйымдар" деген сөздер тиісінше ауыстырылатын сөздердің септелуімен көпше және жекеше түрде "мемлекеттік мекемелер" деген сөздермен, мәтіндегі барлық септеулерде көпше түрде де, сол сияқты жекеше түрде де пайдаланылатын "министрлік, мемлекеттік комитет және өзге атқарушы орган", "арнайы қаражаттар", "бюджеттен тыс қаражаттар" деген сөздер тиісінше ауыстырылатын сөздердің септелуімен көпше және жекеше түрде "бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі", "Ақылы қызмет

көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар", "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын мемлекеттік мекемелердің алатын қаражаттары, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттар, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары" деген сөздермен ауыстырылсын - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен .

Ескерту: Нұсқаулықтың бүкіл мәтіні бойынша (3.4, 3.10, 4.6, 4.22, 4.28-1-тармақтарды қоспағанда) N 1 және N 2 қосымшаларда және нысандарда (N 4 және N 7 нысандарды қоспағанда) "шығыстар сметасы", "шығыстар сметасына", "шығыстар сметасын", "смета", "сметаға" деген сөздер ауыстырылатын сөздердің септеулері мен жекеше және көпше түрлеріне тиісінше "қаржыландыру жоспары" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 19 ақпанда N 71 бұйрығымен .

Ескерту: Барлық мәтін бойынша:

"қаржылық рұқсат" деген сөздер "рұқсат" деген сөзбен ауыстырылды;
"қайта қаржыландыру" деген сөздер алынып тасталды;
"жерлеуге арналған жәрдемақыларды" деген сөздер "және басқа да әлеуметтік төлемдерді" деген сөздермен толықтырылды;

"сметасының", "сметасы" деген сөздер тиісінше "кірістерді жоспарлаудың және шығыстарды қаржыландырудың", "кірістерді жоспарлау және шығыстарды қаржыландыру" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

1.1. Осы Нұсқаулықпен бухгалтерлік есептің жылдық, тоқсандық нысандарының көлемі белгіленеді және оларды қолданушыға көрсету мақсатымен, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыратын ұйымдардың есебін жасаудың негізгі талаптары айқындалады.

1.2. Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер осы нұсқаулықта белгіленген көлемде және нысандар бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы жылдық, тоқсандық есеп жасайды.

1.3. Бухгалтерлік есепті жасау кезінде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

- есепті кезеңдегі барлық операциялар көрсеткіштерінің толықтығы және негіздігі;

- есепті кезеңнің бірінші күніндегі синтетикалық есеп шоты бойынша айналымдар мен қалдықтардың аналитикалық есебі мәліметтерінің, сондай-ақ синтетикалық және аналитикалық есеп мәліметтерінің бухгалтерлік есеп пен баланс мәліметтерімен тепе-теңдігі;

- көрсеткіштердің толтырылу ұқыптылығы және өшіріп жазу мен түзетулерді жібермеу. Қателерді түзеткен жағдайда, түзету күнін көрсете отырып, бухгалтерлік есепке қол қойған тұлғаның растауымен тиісті жазбалар жасалады.

1.4. Бухгалтерлік есеп нысандары онда көзделген көрсеткіштерге толықтай сәйкестендіріліп толтырылады. Бекітілген нысандарға қосымша көрсеткіштер немесе көрсеткіштер мен кодтарға өзгерту енгізу жіберілмейді.

Ағымдағы есепті кезеңге, сонымен бірге өткен кезеңге жататын (оларды бекіткеннен кейін) бухгалтерлік есеп мәліметтерінің өзгеруі мәліметтердің алшақтығы байқалған кезеңде жасалған есепте жүргізіледі.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің (төмен тұрған лимиттерді бөлушінің немесе нақты мемлекеттік мекеменің) қаржыландыру жоспарының орындалуы жөніндегі бухгалтерлік есепке өзгерістер енгізген жағдайда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есептілігіне өзгерістер енгізілген ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге басшы мен бас бухгалтердің қолдарымен өзгерістер енгізу себептерін көрсете отырып, енгізілген өзгерістер туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің енгізген өзгерістеріне сәйкес төмен тұрған лимиттерді бөлуші өз бухгалтерлік есебінің данасына және аумақтық Қазынашылық органында сақталатын есептің данасына, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекеме есебінің данасына тиісті өзгерістерді енгізуге және есептілігіне өзгерістер енгізілген мемлекеттік мекемеге ол туралы жазбаша хабарламаны өзгерістер енгізілген сәттен бастап 10 күн ішінде жіберуге міндетті.

Мемлекеттік мекеме төмен тұрған лимиттерді бөлушілердің тікелей енгізген өзгерістеріне сәйкес өз бухгалтерлік есебінің данасына және аумақтық Қазынашылық органында сақталатын есептің данасына төмен тұрған лимит бөлуші өзгерістер енгізген сәттен бастап 10 күн ішінде өзгерістерді енгізуге м і н д е т т і .

Есептілікке түзетулер нормативтік құқықтық актілерде белгіленген түзетулер енгізу тәртібін міндетті түрде сақтай отырып, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы бухгалтерлік есепті қарау нәтижелері жөніндегі республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі (немесе төмен тұрған лимиттерді бөлушінің) жазбаша хабарламасының негізінде ғана енгізіледі. Осыған байланысты Қазынашылықтың аумақтық органдары республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің немесе төмен тұрған лимиттерді бөлушінің жазбаша хабарламасынсыз бухгалтерлік есептілікке өзгерістерді қабылдамауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жиынтық бухгалтерлік есептілігіне өзгерістер енгізген жағдайда, бухгалтерлік есептілікке соңғы түзетулер ұқсас тәртіппен енгізілуі керек.

Қаржыландыру жоспарының бухгалтерлік есебіне түзетулер енгізген республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі немесе мемлекеттік мекемелер өздері бұрын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне берген бухгалтерлік есептің данасына тиісті өзгерістерді енгізуі қажет. <*>

Ескерту. 1.4-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен, 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен.

1.5. Нысандардың мекен-жай бөлігі мынадай тәртіпте толтырылады:

"Функциялық топ" реквизиті - "Қазақстан Республикасының бюджеті шығыстарының функциялық сыныптамасынан" функциялық тобының атауы мен коды;

"Мекеме" реквизиті - "Министрліктер мен ведомстволардың тізбесінен" ұйымның атауы мен коды;

"Бағдарлама" реквизиті - бағдарламаның атауы мен коды;

"Ішкі бағдарлама" реквизиті - бағдарламаның атауы мен коды;

"Бюджеттік ұйымның атауы" - реквизиті - бюджеттік ұйымның атауы және оның коды;

"Кезеңі" - есеп кезеңі көрсетіледі;

"Өлшем бірлігі" реквизиті" - мемлекеттік мекемелер жиынтық бухгалтерлік есептерін мыңдаған теңгеде жасайды. Мемлекеттік мекеменің шығыстарына болсын, сол сияқты алынған лимиттерді ведомстволық бағыныстағы құрылымдық бөлімшелердің арасында бөлу үшін болсын бас лимиттерге билік етушіден алынған лимиттерді алатын мемлекеттік мекемелер жиынтық бухгалтерлік есебін мыңдаған теңгеде жасайды. Бюджеттік қаражаттарды тек осы мекеменің шараларына тікелей жұмсау үшін жоғары тұрған лимиттерге билік етушілерден лимиттерді алатын мемлекеттік мекемелер бухгалтерлік есептерін теңгемен жасайды. <*>

Ескерту. 1.5-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен.

1.6. Жылдық есептер 1 қаңтардағы, тоқсандық, 1 шілде мен 1 қазандағы жағдай бойынша жасалады.

Жылдық қаржылық есептілік үшін есепті кезең болып 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда күнтізбелік жыл болып табылады.<*>

Есепті кезең - өткен қаржы жылында инвестициялық жобаларға арналып бекітілген бюджеттік шығыстар бойынша, сондай-ақ бюджеттерге ресми трансферттердің есепке алынуы бойынша қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген қорытынды операциялар жүргізілетін жаңа қаржы жылына еңбейтін кезең бар. Алдағы жылдың бюджеті үшін есепті кезең ағымдағы жылдың 15

н а у р ы з ы н д а

а я қ т а л а д ы .

Ескерту. 1.6-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2002.02.19 N 71 бұйрығымен , 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен .

1.7. Қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы бухгалтерлік есептілікті мемлекеттік мекемелерге бухгалтерлік есептілікті беру күніне дейін жеткізілетін бекітілген кестеге сәйкес белгіленген мерзімдерде кітапша түрінде нөмірленген беттерімен, алғы сөзімен ұсынылады.

Жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер есептілікті бағыныштылығына қарай жоғары тұрған мемлекеттік мекемеге ұсынады. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есепті тиісті жергілікті қаржы органына ұсынады.

Республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер есептілікті бағыныштылығына қарай қазынашылықтың тиісті аумақтық органына және жоғары тұрған мемлекеттік мекемеге ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есептілікті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынады. Есепті беру күні оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кеңсесінде тіркеу күні болып есептеледі. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің әрбір республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есебін тексеру және қабылдау рәсімі есеп берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады .

Бір қаладағы бюджеттік ұйым үшін бухгалтерлік есепті ұсыну күні оны іс жүзінде тиесілігіне қарай табыс еткен күн, ал басқа қаладағылар үшін - почта кәсіпорнының , бірақ бухгалтерлік есептілікті ұсыну күніне дейін 5 күннен кешіктірмей штемпелінде көрсетілген оны жіберген күн деп есептеледі.

Есепті ұсыну үшін белгіленген мерзім демалыс (жұмыс емес күн) күнге сай келген жағдайда, есеп одан кейінгі бірінші жұмыс күнінде ұсынылады.

Ескерту. 1.7-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

1.7-1. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бағынысты мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне белгіленген мерзімде республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті дайындау үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті.

Ескерту. 1.7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен .

1.8. Бухгалтерлік есепті жасаған кезде "Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, " Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын ұйымдардағы бухгалтерлік есеп бойынша" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 нұсқаулығын және осы Нұсқаулықта баяндалған есеп нысанын толтыру тәртібі туралы оған енгізілген өзгерістерді және толықтыруларды, нұсқауларды және басқа да нұсқаулық құжаттарын басшылыққа алу қажет.

Ескерту. 1.8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

2. Жылдық, тоқсандық бухгалтерлік есеп нысандарының көлемі

2.1. Мемлекеттік мекемелер ұсынатын жылдық, тоқсандық бухгалтерлік есеп нысандарының көлеміне мынадай нысандар енеді:

- бюджеттен қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтамамен бірге N 1-нысанның (коды 0503001) қаржыландыру жоспарының орындалу балансы ;

- ұйымның қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп - N 2-нысан (коды 0 6 0 3 0 0 8) ;

- "Қайтарып алу" белгісімен ұйымның қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп - N 2-0-нысан (коды 0603008);

- мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді сатудан алатын қаражаттарды пайдалануы туралы есеп - 4-нысан (коды 0503041); <*>

- мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді сатудан алатын қаражаттарды пайдалануы туралы есеп - 4-нысан - жиынтық; <*>

- депозиттік қаражаттар бойынша есеп - 4-қ-нысан.; <*>

- демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттар бойынша есеп - 4 - д к - н ы с а н ; < * >

- валюталық қаражаттары бар мемлекеттік мекемелер валюталық қаражат қозғалысы туралы есепті N 4-в нысан бойынша (коды 0503047) ұсынады;

- активтердің қозғалысы туралы есеп - N 5-нысан (коды 0503051);

- материалдық құндылықтардың және төмен бағалы және тез тозатын заттардың қозғалысы туралы есеп - N 6-нысан (коды 0503053);

- үкіметтік шығындарға бөлінген қаражатты пайдалану туралы есеп - N 7 н ы с а н ; < * >

- зейнетақыларды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды және жерлеуге арналған жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді төлеу туралы есеп - N 8-жт нысан; <*>

- мемлекеттік мекемелерде ақшалай активтердің және материалдық құндылықтардың жетіспеушілігі мен ұрлану туралы есеп - N 15-нысан (коды

0 5 0 3 0 7 8) ;

< * >

- лимиттерді таратушыларға таратылған сомалардың республикалық бюджеттен алынған сомалары туралы ведомость - N 1-нысан (коды 0503061);

- республикалық бюджеттен алынған қаражаттар туралы жиынтық ведомость - N 2-нысан (коды 0503063);

- республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы - 032А-нысаны немесе Шығыстар бойынша жиынтық есеп - 4-20-нысан; <*>

- жергілікті бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы - 032-А-нысаны немесе Шығыстар бойынша жиынтық есеп - 4-20-нысан; <*>

- сыртқы заемдар бойынша есеп - N 16-нысан; <*>

- гранттар бойынша есеп - N 17 нысан;

- бюджеттен тыс қорлар бойынша есеп - N 4-"бюджтыс"-нысан; <*>

- республикалық бюджеттен бөлінген лимиттердің толығымен бөлінуін бақылау ведомосы - N 047-нысан; <*>

- республикалық бюджет бойынша лимит бөлуге жататын мемлекеттік мекемелердің рұқсаттары - N 046-нысан; <*>

- жергілікті бюджет бойынша бөлуге жататын рұқсат - N 146- нысан;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен бөлінген қаражатты пайдалану туралы анықтама;

- республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаражатты жұмсауы туралы ақпарат - N 3 нысан;

- республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарын орындау балансының есеп айырысу баптары бойынша дебиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректер;

- жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарын орындау балансының есеп айырысу баптары бойынша дебиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректер;

- республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарын орындау балансының есеп айырысу баптары жөніндегі кредиторлық берешек туралы талдамалы деректер;

- жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарын орындау балансының есеп айырысу баптары жөніндегі кредиторлық берешек туралы талдамалы деректер.

Ескерту. 2.1-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

2.2. Жылдық және тоқсандық бухгалтерлік есепке бюджеттен бөлінген және мақсатсыз пайдаланылған сомалардың даусыз тәртіпте бюджетке өндіріп алынған сомалары көрсетіле отырып, есепті кезеңде бюджет және арнаулы қаражаттар бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуына әсерін тигізген негізгі факторлар баяндалатын түсіндірме жазба міндетті түрде қоса беріледі, сондай-ақ кассалық шығыстардың іс жүзіндегі ауытқу себептері және бағдарламалар (кіші бағдарламалар) мен шығыстардың экономикалық сыныптама ерекшеліктері бөлінісінде бюджет қаражатының жете игерілмеу себептері айтылады. Түсіндірме жазбада жүргізілген түгендеу, дебиторлық және кредиторлық берешектер олардың пайда болу салдары көрсетіле отырып, жағдайының нәтижесі туралы мәліметтер көрсетілуі керек. Есепке түсіндірме жазбада ақшалай қаражаттың, активтер мен материалдық құндылықтардың жетіспеуін мемлекеттік мекеменің есебінен шығаруын, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің бекітілген қаржыландыру жоспарынан тыс сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін кредиторлық берешектің пайда болу себептерін көрсету қажет. Бұдан басқа кірістердің бюджеттік жіктемесінің кодтары бойынша тиісті бюджетке кейіннен аударып отырып, жаңа қаржы жылы бюджеттік шотқа міндетті түрде қайтарылуы тиіс, ағымдағы қаржы жылы бюджеттік шотқа есепке алу үшін тапсырылмаған мемлекеттік мекеменің кассасындағы қолма-қол ақша қалдықтарының пайда болу себептерін көрсету керек. <*>

Бұдан басқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен қаражат алған мемлекеттік мекемелер мен өзге де ұйымдар түсіндірме жазбада алынған соманы көрсетеді.

Жылдық және тоқсандық бухгалтерлік есептерге түсіндірме жазбадағы ақпарат қысқа жазылуы және мынадай бөлімдер бойынша түсінік беруді қамтуы тиіс: Жалпы ережелер; Қаржыландыру жоспары атқарылу балансының деректерін түсіндіру; Қаржыландыру жоспарын атқару мен оның кассалық және іс жүзіндегі атқарылуына әсер ететін себептері; Есеп құрамына қосылған бухгалтерлік есептіліктің басқа нысандары бойынша түсіндіру; Бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісінде есепті кезең ішінде қабылданған міндеттемелер т у р а л ы а қ п а р а т .

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомстволық бағыныстағы мекемелер бойынша айдың аяғында бөлінген, бірақ келесі айда есепке алынған ашық лимиттердің сомаларын жиынтық балансының қаржыландыру жоспары орындалуының 091 "Жолдағы ашылған лимиттер" қосалқы шотында есепке а л а д ы .

Ведомстволық бағыныстағы мекемелері жоқ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері айдың аяғында, бірақ келесі айда есепке алынған ашық лимиттердің сомасын 091 қосалқы шот бойынша қаржыландыру жоспары орындалуының

балансында көрсетеді. < * >

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері "Қазынашылықтың банктік автоматтандырылған жүйесінде жұмыс істейтін (бұдан әрі - БАСК-М жүйесінде) Қазынашылықтың аумақтық органдарынан N 047 "Лимиттердің толығымен бөлінуін бақылау ведомосы" нысанын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын лимиттердің төмен тұрған билік етушілері - N 046 "Республикалық бюджет бойынша бөлінуге жататын мемлекеттік мекемелердің рұқсаттары" нысанын алады, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын лимиттердің бас билік етушілері Қазынашылық органдарынан N 146 "Жергілікті бюджет бойынша бөлінуге жататын рұқсат" алады және бухгалтерлік есепке қосып тіркейді. < * >

Түсіндірме жазбасымен бірге жылдық және тоқсандық есептерге ұйым басшысы, бас бухгалтер немесе мемлекеттік мекемелер бухгалтерлік есепті жүргізуді қамтамасыз ететін бөлімшені басқаратын тұлға қол қояды.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісін қаржыландыру жоспарының атқарылуы туралы жиынтық бухгалтерлік есепке бірінші қол қою құқығы осы органның басшысында немесе белгіленген тәртіппен оны алмастыратын тұлғада, екінші қол қою құқығы - бас бухгалтерде болады.

Бухгалтерлік есеппен қоса берілген барлық нысандарда басшы мен бас бухгалтердің қолының қасында міндетті түрде қойылған қолдың мағынасының ашылуы болуы керек (аты-жөні және тегі). < * >

Ескерту. 2.2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен, 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен, 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен.

2.3. Республикалық бюджеттен қаржыландыру алатын мемлекеттік мекемелер (банктер, жергілікті атқарушы органдар) "Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп" N 2 нысаны (0603008 коды), N 2-о нысан бойынша республикалық бюджеттен алынған қаражат туралы бухгалтерлік есепті және оларға түсіндірме жазбаны жасайды және "қаржыландыру жоспарының орындалу балансы" N 1 нысанын ұсынбай-ақ Қазынашылықтың аумақтық органына береді. < * >

Ескерту. 2.3-тармақ өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен, 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен.

2.3-1. Республикалық бюджеттен ұсталатын, бірақ тиісті мақсаттарға жергілікті бюджеттен лимиттер алатын мемлекеттік мекемелер (0603008 коды) N 2 нысан бойынша қаржыландыру жоспарының атқарылуы туралы есепті тиісті жергілікті қаржы органдарына, ал бухгалтерлік есепті нысандарының толық көлемінде Қазынашылықтың тиісті аумақтық органдарына және жоғары тұрған

о р г а н ғ а

ұ с ы н а д ы .

< * >

Ескерту. 2.3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен .

2 . 3 - 2 .

< * >

Ескерту. 2.3-2-тармақпен толықтырылды, алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

2.4. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерді тарату, қайта ұйымдастыру кезінде мүліктік құқықтар мен міндеттемелер тапсырып беру актісіне сәйкес, ал бөлінген және бөлген кезде бөлу балансына сәйкес құқық мирасқорына беріледі. Бөлу балансы әр бөлінетін ұйым үшін бір данадан жасалады. Тарату балансы " Қаржыландыру жоспарының орындалу балансы" N 1-нысан бойынша жасалады. Жылдық есеп нысанының көлеміне беру күнінде.

2.5. Бір бағыныстан екінші бағынысқа берілетін мемлекеттік мекемелер жылдық есеп көлемінде беру күніне қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы бухгалтерлік есеп жасайды және оны жоғары тұрған органға бұрынғы бойынша және жаңа бағыныс бойынша ұсынады.

2.6. Республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер олар арқылы кассалық шығыстар өткен Қазынашылықтың тиісті аумақтық органдарына нысандары толық көлемдегі есептіліктің үш данасын ұсынады. Бухгалтерлік есептілікті тексерген кезде аумақтық Қазынашылық органының жауапты атқарушысы ұсынылған есеп нысандарының толықтығына және түсіндірме жазбасының болуына назар аударады. Ескертулер болмаған кезде есептілік N 1 нысан (код 0503001) шығыстар кірістерді жоспарлаудың және шығыстарды қаржыландырудың орындалу балансының, N 2 нысан (код 0603008) , N 2 нысан (шақыру) (код 0603008) мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есептің бірінші бетінде оң жақ жоғарғы бұрышында бақылау бұрыштамасымен және Қазынашылық аумақтық органының мөр табанымен белгіленеді. Қазынашылықтың тиісті аумақтық органының бұрыштамасы және мөр табаны бар есептіліктің екі данасы мемлекеттік мекемеге қайтарылады, олардың біреуі жоғары тұрған органға жіберіледі. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомстволық бағыныстағы құрылымдық бөлімшелерден бухгалтерлік есепті қабылдап алған-тексерген кезде белгіленген тәртіпті қатаң сақтауы тиіс .

Ескерту. 2.6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен .

2.7. Жылдық және тоқсандық бухгалтерлік есептің мамандандырылған нысан үлгілерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық

Комитетінің келісімі бойынша, Қазақстан Республикасының тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері дайындайды. <*>

Ескерту. 2.7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен .

3. Ағымдағы бухгалтерлік есепке алу шоттарын қорытындылау тәртібі

3.1. Ұйымдардың жылдық және тоқсандық бухгалтерлік есептері тиісті құжаттармен расталған тексерілген бухгалтерлік жазбалардың негізінде жасалады. Баланс жасаудан бұрын синтетикалық есепке алу шоты бойынша айналымдармен және қалдықтармен бірге аналитикалық шот бойынша айналымдар мен қалдықтарды тексеру жүргізіледі.

3.2. Баланстың берілген мәліметтері есепті жылдың аяғында жүргізілген түгендеудің нәтижелерімен расталуы керек және бұл ретте байқалған алшақтық жылдық есеп ұсынылғанға дейін реттелуі керек.

Т ү г е н д е у д і :

- жылдық бухгалтерлік есепті жасаудан бұрын;
- материалдық-жауапты тұлғаларды алмастырған кезде (қабылдау-беру к ү н і н д е) ;

- ұрлану немесе зиян келтіру, сондай-ақ құндылықтардың бүліну фактілері а й қ ы н д а л ғ а н к е з д е ;

- өрт немесе табиғат апаттары жағдайында;
- ұйымды заңды тұлға ретінде таратқан, қайта ұйымдастырған (қосылған және біріктірген) кезде жүргізу міндетті.

Түгендеу кезінде анықталған активтердің, материалдық құндылықтардың және бухгалтерлік есеп мәліметтері бар ақшалардың іс жүзіндегі болу алшақтығы, төмендегідей тәртіпте реттеледі:

- артық деп танылған активтер, материалдық құндылықтар мен ақшалар кейін артық болу себебін белгілеп, кіріске алуға жатады;

- активтердің, материалдық құндылықтардың және ақшалардың жетіспеушілігі мен ұрлануы белгіленген сомалар, сондай-ақ материалдық құндылықтарды бүлдіруден жоғалған сомалар кінәлі тұлғалардың шотына жатқызады.

3.3. Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың пайдаланылмаған ашық лимиттердің қалдығы 31 желтоқсанда жабылады.

3.4. Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, бюджеттік қаражаттардан басқа өзінің иелігінде ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттар, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттар иелене алады. Есептерді ашу тәртібі толықтырулар мен өзгерістерді есептей отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 мамырдағы N 241 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік

мекемелердің шоттарын ашу және жабу тәртібі туралы ережесінде айтылған.

Демеушілік және қайырымдылық көмектен, бөгде ұйымдардан қаражат алған және оны ағымдағы қаржылық жылы пайдаланбаған мемлекеттік мекеме келесі қаржылық жылы мақсатқа сай пайдаланады.

Мемлекеттік мекеменің ақылы қызметті іске асырудан алынатын қаражаттары бойынша кірістер және шығыстарын қаржыландыру жоспарларының қолданысы ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанында тоқтатылады.

Ақылы қызметтердің түрі сақталған жағдайда, ақылы қызметтерден алынатын қаражаттың қалдықтарын мемлекеттік мекемелер жаңа қаржы жылы пайдаланады, ақылы қызметтердің тиісті түрі болмаған жағдайда - тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Ескерту. 3.4.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен, 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен, 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен.

3.5. Дебиторлық берешек сомалары өндіріліп алынуы, ал кредиторлық берешек - өтелуі керек. Дебиторлармен және кредиторлармен аяқталмаған есеп айырысулар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1999 жылғы 23 шілдедегі N 335 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің есебінен ұсталатын ұйымдарда активтерді, материалдық қорларды, ақшаларды, есеп айырысулар мен баланстың басқа баптарын түгендеуді жүргізу тәртібі туралы нұсқаулығына сәйкес салыстырылуы, расталуы және есептелген берешектер туралы есепке түсіндірме жазбада түсініктеме берілуі керек.

Есепте тұрған тұлғалардан аванстық есептер, сондай-ақ пайдаланылмаған сомалардың қалдықтары уақытылы талап етілуі керек.

Ескерту. 3.5.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен.

3.6. Бюджет бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуы жөніндегі ағымдағы есептің шоттарын қорытындылау мынадай тәртіпте жүргізіледі:

230 "Ұйымның және басқа да шаралар шығыстарын бюджеттен қаржыландыру" қосалқы шотына (140 "Ұйымның және басқа да шаралар шығыстарын бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысу") дебетіне 200 "Ұйымды және басқа да шараларды қаржыландыруға арналған бюджет бойынша шығыстар" қосалқы шоты бойынша қалдық көшіріледі.

Егер бюджет бойынша іс жүзіндегі шығыстардың сомасы 230 қосалқы шот немесе 140 қосалқы шот бойынша қаржыландыру қалдығынан асып кетсе, шығыстарды есептен шығару осы қосалқы шоттар бойынша қалдыққа тең сомада жүргізіледі.

231 "Күрделі жұмсалымдарды бюджеттен қаржыландыру" және 143 "Күрделі жұмсалымдарды бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысу" қосалқы шоттарының дебетіне көшіріледі:

093 "Күрделі жұмсалымдарға арналып ашылған лимиттер", 103 "Күрделі жұмсалымдарға арналған лимиттер" қосалқы шоттары бойынша 31 желтоқсанда жабылған қаражаттар қалдығының сомасы;

Жыл аяқталғаннан кейін 2-б нысаны бойынша лимиттер алатын республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүргізілген шығыстарды қорытынды айналымдармен есептен шығарады және республикалық басқа бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарына бюджеттен қаржыландыру" қосалқы шотының дебеті және 201 "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың басқа әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемені ұстауға арналған бюджет бойынша шығыстар" қосалқы шотының кредиті бойынша бухгалтерлік жазбамен көрсетеді. <*>

200 қосалқы шот бойынша іс жүзіндегі шығыстарды 236 "Балалар мекемелерін ұстау үшін ата-аналарының қаражаттары" және 238 "Ұйымды ұстауға арналған өзге де қаражаттар" қосалқы шоттарына есептен шығару жыл аяғындағы осы қосалқы шоттардағы қаражаттардың қалдығына тең сомада жүргізіледі, қалған сома 230 (140) қосалқы шотқа жатқызылады.

Ескерту. 3.6-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен, 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен

3.7. Басқа да қорлармен айналысатын мемлекеттік мекемелер жыл аяғында 215 "Өзге де қорлар есебінен шығыстар" қосалқы шоты бойынша іс жүзіндегі шығыстар 272 "Өзге де қорлар" қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен жабылады. Аяқталған және пайдалануға берілген объектілер бойынша шығындар жыл ішінде 216 "Күрделі жұмсалымға арналған өзге де қорлар есебінен шығыстар" қосалқы шотына есептелінеді, ал жыл аяқталған соң 272 "Өзге де қорлар" қосалқы шотының дебетіне есептен шығарылады. <*>

Ескерту. 3.7.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен.

3.8. Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар бойынша ағымдағы есептің шоттарын қорытындылау 400 "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түсетін кірістер" қосалқы шотының дебетінде есептен шығару арқылы жүргізіледі:<*>

211 "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың есебінен шығыстар" қосалқы шоты бойынша қалдықты 400 қосалқы шот бойынша жыл аяғындағы қалдық шегінде. Шығарылатын өнімі аз көлемдегі, 400 және 211 қосалқы шоттарда кірістер мен шығыстар есебін жүргізетін қосалқы ауыл

шаруашылық және өндіріс (оқу) шеберханалары бойынша жыл аяғында аяқталмаған өндіріске жататын шығындар сомасы қалуына болады. <*>

Ескерту. 3.8.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен .

3.9. Жыл соңында аяқталған және пайдалануға берілген объектілер бойынша, сондай-ақ шығарылатын өнімнің өзіндік құнына жатпайтын басқа да шығындар 212 қосалқы шоттың кредитінен 400, 246 қосалқы шоттың дебетіне көшіріледі. Аяқталмаған және аяқталған, бірақ пайдалануға берілмеген құрылыс және қайта құру объектілері бойынша шығындар 212 қосалқы шоты бойынша баланста қалады.

3.10. Арнаулы қаражаттардың сметалары бойынша жоспарланатын өндірістік (оқу) шеберханалар мен қосалқы ауыл шаруашылығы бойынша шоттардың қорытындылары, шығындардың есебі және 080 "Өндірістік (оқу) шеберханалардың шығындары" және 280 "Өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдарын сату" қосалқы шоттарында жүргізілетін өнімдер мен бұйымдарды сату шығарылған өнімдерді, бұйымдар мен көрсетілген қызметтерді сату нәтижелерін шаруашылықты табысты жүргізген жағдайда 280 қосалқы шоты дебетінен 410 "Пайдалар мен зияндар" қосалқы шотының кредитіне, ал зияндар пайда болған жағдайда - 410 "Пайдалар мен зияндар" қосалқы шот дебетіне 280 қосалқы шот кредитінен есептен шығару жолымен жүргізіледі.

3.11. Қаржылық жыл аяқталғаннан кейін сыртқы заемдар есебінен жүргізілетін шығыстардың қорытынды айналымымен есептен шығару 249 "Сыртқы заемдар" қосалқы шотының дебеті, 204 "Сыртқы заемдар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" қосалқы шотының кредиті бойынша бухгалтерлік жазбамен жүргізіледі.

Ескерту. 3.11-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен .

3.12. Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарының орындалубалансына барлық бюджеттік, бюджеттен тыс, валюталық шоттар, сыртқы заемдар бойынша арнаулы шоттар және оларды қамсыздандыру және тағайындау орнына тәуелсіз бойынша операциялары қосылуы керек.

3.13. Жазбалар аяқталғаннан кейін келесі жылдың 1 қаңтарына қорытынды баланс жасалады.

**4. Жылдық, тоқсандық бухгалтерлік есеп
нысандарын толтыру тәртібі**

**1 - нысан (0503001) - қаржыландыру
жоспарының орындалу балансы**

I. АКТИВТЕР

Актив - бюджеттің атқарылуы жөніндегі баланстың бірінші бөлігі, 9 бөлімнен тұрады.

Актив ұйымның бюджет қаражаттарының құрамын, орналасуын және атқарылуын көрсетеді. Онда бюджеттік ұйымның бюджеттік, ағымдағы валюталық шоттардағы, сыртқы заемдар мен бойынша арнаулы шоттардағы, кассадағы қаражаттары, бюджетпен және басқа да есеп айырысумен есеп айырысулары көрсетіледі.

"Активтер" бөлімі

4.2. Бұл бөлімде бюджеттік ұйымға тиесілі бюджеттік және ағымдағы қаражаттардың есебінен сатып алынған барлық активтер, оның ішінде алғашқы құны бойынша жалға берілген, яғни оларды сатып алынған іс жүзіндегі шығын бойынша ғимараттар, дайындаулар көрсетіледі. Активтердің алғашқы құнының өзгеруі қосымша күрделі жұмсалымдар немесе жекелеп тарату, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес келтірілген активтердің құны жүзеге асырылған жағдайда ғана жүргізіледі. <*>

010 "Активтер" жолы бойынша 010-нан 019-ға дейінгі қосалқы шоттарда, баланста жеке жолда көрсетілетін 014 "Материалдық емес активтер" қосалқы шотын қоспағанда, ескерілетін ұйымдардың барлық активтері көрсетіледі.

Жалға берілген активтер бұл жолға енгізілмейді және 01 "Жалға берілген активтер" баланстан тысқары шотына ескеріледі.

011 "Материалдық емес активтер" (014) жолы бойынша жерді, суды, пайдалы қазбаларды және табиғи ресурстарды, үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды пайдалану құқығының; тауар белгілеріне және тауарлы маркаларды беру құқығына лицензиялардың, сондай-ақ өзге де мүлікті құқықтар, делдалдық орындар, гудвилл, бағдарламалық қамтамасыз ету, ұйымдастыру шығыстары, маркетинг және басқа да активтердің құны көрсетіледі. Материалдық емес активтер есепте оларды сатып алуға және дайындық жағдайына келтіруге арналған іс жүзіндегі шығындар сомасында көрсетіледі.

Ескерту. 4.2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен.

"Материалдық босалқы қор" бөлімі

4.3. Бұл бөлімде бюджеттік ұйымға тиесілі құрылыс материалдары, қондырғы жабдықтар, материалдар, тамақ өнімдері, отын және жанар май, мал азығы, жемшөп, ыдыс, машиналарға және жабдықтарға босалқы бөлшектер, қосалқы шаруашылықтардың өнімдері мен бұйымдары, мал төлдері мен бордақылаудағы малдар, оқу, ғылыми және басқа мақсаттар үшін материалдар, сондай-ақ ұзақ қолданылатын және лабораториялық бақылауға арналған материалдар көрсетіледі.

020-070 жолдар бойынша 03 "Бұйымдар мен өнімдер", 04 "Жабдықтар,

құрылыс материалдары мен ғылыми зерттеулер үшін материалдар", 05 "Мал төлдері мен бордақылаудағы малдар", 06 "Материалдар мен тамақ өнімдері" шоттарда есепке алынатын материалдық құндылықтардың, қосалқы шаруашылық өнімдері мен бұйымдары, мал төлдері мен бордақылаудағы малдардың құны көрсетіледі.

Ескерту. 4.3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен .

"Арзан құнды және тез тозатын заттар" бөлімі

4.4. Бұл бөлімде бюджеттік ұйымға тиесілі оларды сатып алу құны бойынша қоймада жатқандарды қоса алғанда, арзан құнды және тез тозатын барлық заттар көрсетіледі .

080 "Арзан құнды және тез тозатын заттар" жолы бойынша арзан құнды және тез тозатын заттардың (бұдан әрі - ТТЗ), оның ішінде 070-073 қосалқы шоттарда ескерілетін арнайы киімдер мен арнайы аяқ-киімдердің құны көрсетіледі.

Ескерту. 4.4-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен .

"Өндіріске және басқа да мақсаттарға арналған шығындар" бөлімі

4.5. Бұл бөлімде өндірістік (оқу) шеберханалардың, қосалқы ауыл шаруашылығы мен оқу-тәжірибелік шаруашылықтардың бұйымдары мен өнімдерін дайындауға арналған, баспа өнімдерін шығару және қызмет көрсетулер жөніндегі шығындар, сондай-ақ материалдарды дайындау және ұқсату жөніндегі шығындар көрсетіледі. <*>

Бұл бөлімнің 090-130 жолдары бойынша 08 "Өндіріске және басқа да мақсаттарға арналған шығындар" шотында ескерілетін шығындар көрсетіледі.

Ескерту. 4.5-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен .

"Ақшалай қаражаттар" бөлімі

4.6. Бұл бөлімде ұйымның бюджеттік, валюталық шоттардағы, сыртқы заемдар және қайта қаржыландыру бойынша, демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша, ақылы қызметтер бойынша, депозиттік қаражат бойынша арнайы шоттардағы, кассадағы қаражаттары, сондай-ақ өзге де ақшалай құжаттар көрсетіледі .

140 "Ұйымдардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға аудару үшін және басқа да шаралардың шығыстарына арналған ашық лимиттер" (90) жолы бойынша ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға аудару үшін және басқа да шараларға арналған ұйымның аппаратын ұстауға арналған пайдаланылмаған лимиттер сомасының қалдығы көрсетіледі.

141 "Жолдағы ашық лимиттер" жолы бойынша есепті кезеңде лимиттерді бас

таратушылар бөлген, бірақ келесі айда лимиттерді төменде тұрған таратушы алған лимиттердің сомасы көрсетіледі.

150 "Күрделі жұмсалымдарға арналған ашық лимиттер" (093) жолы бойынша күрделі жұмсалымдарды қаржыландыруға арналған пайдаланылмаған лимиттердің қалдығы көрсетіледі.

152 "Мақсатсыз пайдаланылған қайтарып алынған (өндіріп алынған) қаражаттардың лимиттері" (095) жолы бойынша арнаулы мақсатсыз пайдаланылған қаражаттар жүргізілген бюджетке қайтарып алудың (өндіріп алудың) нәтижелері көрсетіледі.

160 "Басқа да бюджеттердің есебінен ашық лимиттер" (096) жолы бойынша басқа да бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың шығыстарына арналған ашық лимиттер сомасының қалдығы, оның ішінде ресми трансферттер (субвенциялар) көрсетіледі.

161 "Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігіне және олардың жұмсалуына байланысты операциялар жөніндегі лимиттер" (098) жолы бойынша - мемлекеттік мекеменің шығыстарына және республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігінің есебінен басқа да іс-шараларға арналған ашық лимиттердің сомасы көрсетіледі.

162 "Сыртқы заемдардың есебінен жобалар бойынша шығындарға арналған ашық лимиттер (099)" жолы бойынша есепті жылдың басынан сыртқы заемдардың есебінен жобалар бойынша қаржыландыруға арналған ашық лимиттердің сомасы көрсетіледі.

170 "Ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға аудару үшін және басқа да шаралар үшін ұйымдардың шығыстарына арналған лимиттер" (100) жолы бойынша ұйымдарды ұстау үшін және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға аудару үшін, орталықтандырылған шаралар бойынша шығыстарға арналған қаржылық органдардан түскен лимиттер сомасының қалдығы көрсетіледі.

171 "Күрделі жұмсалымдарға лимиттер" (103) жолы бойынша жергілікті бюджеттерден бөлінген күрделі жұмсалымдарды қаржыландыруға арналған лимиттер сомасының қалдығы көрсетіледі.

172 "Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігіне және олардың жұмсалуына байланысты" (108) жолы бойынша мемлекеттік мекеменің және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігінің есебінен басқа да іс-шараларға арналған ашық лимиттер.

190 "Демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша шот"(110) жолы бойынша қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекемелер демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде заңды және жеке тұлғалардан алған қаражаттың қалдығы, сондай-ақ сақтандыру төлемдері көрсетіледі.

200 "Ақылы қызметтер бойынша шот" (111) жолы бойынша ақылы қызметтерді сатудан алған қаражат бойынша кірістер және шығыстарды қаржыландыру жоспарының атқарылуымен байланысты операциялар бойынша қаражаттың қалдығы көрсетіледі.

210 "Депозиттік қаражат бойынша шот (112)" жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің уақытша билік етуіне түсетін, белгілі бір жағдайлар пайда болған жағдайда мемлекеттік бюджетке есептеуге немесе енгізушіге қайтаруға жататын қаражаттардың қалдығы, мемлекеттік білімдік несие және мемлекеттік студенттік несие бойынша қаражаттың қалдығы, сондай-ақ Алматы қаласының экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуы үшін бюджеттен тыс қаражаттар көрсетіледі.

211 "Сыртқы заемдар мен гранттар бойынша арнаулы шот" (113) жолы бойынша екінші деңгейдегі банкте ашылған сыртқы заемдар мен гранттар бойынша арнаулы шоттағы қаражаттардың қалдығы көрсетіледі.

214 "Гранттар бойынша арнайы шот" (116) жолы бойынша екінші деңгейдегі банкте арнайы шотта гранттар бойынша қаражаттың қалдығы көрсетіледі.

215 "Валюталық шот" (118) жолы бойынша есепті жылдың соңғы күнінде қолданылған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған рыноктық валюта айырбастау бағамы бойынша шетел валютасын қайта есептеу жолымен алынған валюталық қаражат қалдығы Қазақстан Республикасының валютасымен көрсетіледі.

216 "Жолдағы ақша" (119) жолы бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шетелдік мекемелердің шығыстарын қаржыландыруға аударған, бірақ шетелдік мекемелердің есеп айырысу шотына түспеген сома көрсетіледі.

220 "Касса" (120) жолы бойынша бюджеттік ұйымның кассасындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

230 "Аккредитивтер" (130) жолы бойынша тауарларды жеткізуге ақы төлеу бойынша берушілер алдында туындаған мемлекеттік мекемелердің міндеттемелеріне сәйкес ашылған аккредитивтердің қалдығы көрсетіледі.

231 "Ақшалай құжаттар" (132) жолы бойынша әртүрлі ақшалай құжаттардың: бензин мен майға, тамақтануға төленген талондар, демалыс үйлеріне, санаторияларға, турбазаларға төленген жолдамалар, почта аударымдарына алынған хабарламалар, почта маркалары мен мемлекеттік баж маркалары, заем облигациялары (сақтауға және т.б. тапсырылған), еңбек кітапшасының бланкілері мен оларға ішпектер және т.б. қалдығы көрсетіледі.

232 "Қаржылық жұмсалымдар" (134) жолы бойынша банк депозитіне мемлекеттік мекемелердің жұмсалымдарының (инвестицияларының) сомалары, ұйымның бағалы қағаздары, мемлекеттік және жергілікті заемдардың проценттік

облигациялары көрсетіледі. < * >

Ескерту. 4.6.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

"Есеп айырысу" бөлімі

4.7. Баланста есеп айырысуды көрсететін бухгалтерлік есеп шоттары бойынша қалдықтар ашық күйде көрсетіледі: баланс активінде дебеттік сальдосы бар (дебиторлық берешек), пассивте - кредиторлық сальдосы бар (кредиторлық берешек) шоттар бойынша қалдықтар.

239 (551 пассивте) "Сыртқы заемдар есебінен міндеттемелер бойынша есеп айырысу" (515) жолы бойынша сыртқы заемдар есебінен сатылатын жобалар бойынша орындалған жұмыстар (қызмет көрсетулер)) үшін тапсырысшыларға (өнім берушілерге (мердігерге)) берешек сома көрсетіледі.

240 (552 пассивте) "Бюджеттік тақырып бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар үшін тапсырмаларды бөліп төлеу жөніндегі есеп айырысу" (152) жолы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған оларға берілген тапсырмаларды орындау бойынша тапсырысшылардың (тапсырысшыларға) берешек сомасы көрсетіледі.

241 (553 пассивте) "Орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін тапсырысшылармен есеп айырысу" (153) жолы бойынша кәсіптік-техникалық мектептерде тапсырысшылардың (тапсырысшыларға) олар үшін орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер мен сатылған дайын бұйымдар үшін берешек, сондай-ақ оқушылардың өндірістік оқу процесінде орындаған жұмыстары үшін ұйымдардың берешек сомасы көрсетіледі.

250 (пассивте 560) "Гранттар есебінен міндеттемелер бойынша есеп айырысулар" (155) жолы бойынша берушілер мен мердігерлерге жоба бойынша орындалған жұмыстар (қызметтер) үшін берешек сомасы көрсетіледі.

261 "Тапсырыс берушілердің жұмыстар мен қызметтер үшін аванстары бойынша есеп айырысулар (157)" жолы бойынша келісім-шарт бойынша жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындау үшін аванс ретінде ұйымдардан (тапсырысшыдан) түскен сома, 571 жолы бойынша пассивте осы шот бойынша баланста - келісім-шарт бойынша орындалған жұмыстар үшін берешек сома көрсетіледі. < * >

262 "Әлеуметтік салықтың жарналары бойынша есеп айырысулар" (159) жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салыққа басы артық аударылған аударымдары бойынша берешек сомасы, 580 жол бойынша пассивте - мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салыққа аударымдары бойынша берешек

с о м а с ы

к ө р с е т і л е д і .

< * >

270 "Есепте тұрған тұлғалармен есеп айырысу" (160) жолы бойынша іссапарлық шығыстарға, сондай-ақ қолма қол ақшасыз есеп айырысу жолымен жүргізілуі мүмкін шығыстарға төлеуге арналған оларға берілген аванстар бойынша есепте тұрған тұлғаларға берешек сома көрсетіледі. 160 қосалқы шот бойынша кредиттік қалдықтар 581 жол бойынша баланс пассивінде көрсетіледі.

280 "Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысу" (170) жолы бойынша ақшалар мен материалдық құндылықтардың жетіспеушілігі мен ұрлануы бойынша берешек сома, кінәлі тұлғаларға жатқызылған материалдық құндылықтардың бүлінуінен жоғалған сома және белгіленген тәртіпте ұсталынатын басқа да сомалар көрсетіледі.

290 "Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша есеп айырысулар" (171) жолы бойынша - міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша қызметкерлерге есептелген жәрдемақылар бойынша мемлекеттік мекемелердің берешек сомасы көрсетіледі, 582-жол бойынша пассивте әлеуметтік қамсыздандыру бойынша берешектің қалдығы көрсетіледі.

300 (590 пассивте) "Төлемдердің арнайы түрлері бойынша есеп айырысу" (172) жолы бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі балаларды ұстауға, жеті жылдық музыка мектептеріндегі балаларды оқытуға; мектеп- интернатта тәрбиеленушілерді ұстауға; жұмысшылар мен қызметшілердің жұмыс орындары бойынша алған тамағына; жұмысшылар мен қызметшілердің нысанды киімдеріне; мектеп жанындағы интернаттардағы балаларды тамақтандыруға арналған берешек сома көрсетіледі.

301 "Бюджетке төленетін төлемдер бойынша есеп айырысу" (173) жолы бойынша артық аударылған төлемдердің нәтижесінде жиналған бюджетке қайтаруға жататын берешек сома, 600 пассивте жолы бойынша - бюджет төлеуге жататын, бірақ есепті жылдың аяғында қандай да бір себеп бойынша аударылмаған салықтар бойынша берешек сома, сондай-ақ бюджетке аударылуға жататын басқа да сомалар көрсетіледі.

302 "Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" (175) жолы бойынша жергілікті бюджеттерден шағын және орта бизнесті несиелендіруге бөлінген несиелер к ө р с е т і л е д і .

310 (640 пассивте) "Бекітілген сметаның шегінде дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу" (178) жолы бойынша осы бөлімде көрсетілмеген бекітілген сметаның шегінде шоттар бойынша бюджеттік ұйымның берешек сомасы, сондай-ақ жатақхананы пайдаланғаны үшін оқу орындарының студенттері мен оқушыларының берешек сомасы көрсетіледі.

320 "Аванстық төлемдер тәртібінде есеп айырысу" (179) жолы бойынша әрбір

мәміле бойынша (тауарлар мен қызмет көрсетулерді тиеу, жөнелту) жеке- жеке есеп айырысу емес, ал тараптармен алдын ала келісілген мерзімде және мөлшерде қаражаттарды дүркін-дүркін аудару жолымен жүзеге асырылатын өнім берушілерге берешек сома көрсетіледі.

321 "Қолма-қол тиындардың ақшалай айналымнан алынуына байланысты есеп айырысулар" (188) жолы бойынша соманы бір теңгеге дейін дөңгелектеудің арифметикалық әдісін қолдану нәтижесінде артық төленген тиындардың қалдық сомасы көрсетіледі, 671-жол бойынша пассивте жалақының, стипендияның төленбеген қалдығы, атқару парақтары бойынша ұсталған төленбеген сомалардың, соманы бір теңгеге дейін дөңгелектеудің арифметикалық әдісін қолдану нәтижесінде тиындармен есеп беретін тұлға алдындағы берешек сомалардың қалдықтары көрсетіледі.

322 "Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бойынша есеп айырысулар" (191) жолы бойынша зейнетақылар жәрдемақыларды төлеу жөніндегі берешек сома, активте - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа төленбеген зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар бойынша берешек сома, пассивте (681 жол) Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа төленген зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар бойынша нақты шығыстар көрсетіледі.

323 "Міндетті әлеуметтік қамсыздандыруға арналған трансферттер бойынша есеп айырысулар" (192) жолы бойынша - міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жұмыс берушілердің шоттарына аударылған сомалар көрсетіледі.

324 "Міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысу" (198) жолы бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша, активте - артық аударылған төлемдер нәтижесінде жинақталған, пассивте (683 жол) - қандай да бір себеп бойынша аударылмаған берешек сома көрсетіледі.

325 "Ішкі несиелендіру бойынша есеп айырысулар" (199) жолы бойынша - қайтарымды негізде ішкі несиелендірудің міндеттемелері бойынша, сондай-ақ мемлекеттік білімдік несие және мемлекеттік студенттік несие бойынша берешектердің қалдығы көрсетіледі.

Ескерту. 4.7-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

"Шығыстар" бөлімі

4.8. Бұл бөлімде қаржыландыру жоспары бойынша көзделген шараларға арналған қаражат бойынша мемлекеттік мекемелер жүргізетін іс жүзіндегі шығыстар, сондай-ақ басқа да бюджеттерден алынған шығыстар есепке алынады.

Тоқсандық есепте іс жүзінде жүргізілген шығыстардың сомасы, жылдықта - жабылмаған іс жүзіндегі шығыстар сомасының қалдығы көрсетіледі.

330 "Бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде ұйымды ұстауға және басқа да шараларға арналған бюджет бойынша шығыстар" (200) жолы "Бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде" бойынша бюджеттік қаржыландыру есебінен жүргізілген іс жүзіндегі шығыстар сомасы көрсетіледі.

340 "Басқа да бюджеттер есебінен шығыстар" (202) жолы бойынша осы ұйымның қаржыландыру жоспарында көзделмеген шараларды орындау үшін басқа да бюджеттерден алынған лимиттердің есебінен жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

341 "Сыртқы заемдар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша заемдар" (204) жолы бойынша сыртқы заем есебінен жобаларды жүзеге асыру барысында іс жүзінде жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

342 "Бекітілген қаржыландыру жоспарынан тыс мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа да іс-шараларға арналған шығыстар" (208) жолы бойынша - қарызға алынған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушіге қайтару мүмкіндігі болмаған жағдайда, мемлекеттік мекеменің бекітілген қаржыландыру жоспарынан тыс іс жүзіндегі шығыстарының сомасы көрсетіледі.

343 "Гранттар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" (209) жолы бойынша гранттар есебінен жобаларды іске асыру барысында іс жүзінде жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

350 "Таратуға арналған шығыстар" (210) жолы бойынша есепті жылдың аяғында жұмыстардың белгілі бір түріне немесе белгілі бір бұйым, өнім түрінің өзіндік құнына тікелей қатыса алмайтын шығындардың сомасы көрсетіледі.

360 "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар есебінен шығыстар (211)" жолы бойынша ақылы қызмет көрсетудің сатудан түсетін қаражаттардың есебінен іс жүзіндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі.

370 Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражаттың есебінен, сақтандыру төлемі мен өзге қаражаттың есебінен шығыстар" (213) жолы бойынша - Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражаттың есебінен, сақтандыру төлемі мен өзге қаражаттың есебінен шығыстардың сомасы көрсетіледі.

372 "Өзге де қорлар есебінен шығыстар" (215) жолы бойынша белгіленген тәртіпте құрылған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілердің өзге де қорлары есебінен жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

373 "Күрделі жұмсалымдарға арналған өзге де қорлар есебінен шығыстар" (216) жолы бойынша күрделі жұмсалымдарға арналған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілердің өзге де қорлары есебінен іс жүзінде жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

375 "Валюталық қаражаттар есебінен шығыстар" (220) жолы бойынша валюталық қаражаттар есебінен іс жүзіндегі шығыстар сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 4.8-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен, 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен, 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен, 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен.

"Зияндар" бөлімі

4.9. 380 "Зияндар" (410) жолы бойынша шығарылған өнімді, бұйымды және көрсетілген қызметті сатудан алынған нәтиже (зиян) көрсетіледі.

"Күрделі құрылысқа арналған шығындар" бөлімі

4.10. Бұл бөлімде бюджет және ақылы қызмет көрсетуден, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттар есебінен бойынша күрделі жұмсалымдарға бөлінген қаражаттардың есебінен салынып жатқан (қайта құрылып жатқан) объектілерде орнатуға арналған жабдықтарды, құрылысқа қажетті материалдық құндылықтарды сатып алуға арналған шығындар көрсетіледі.

390 "Орнатуға арналған жабдықтар" (040) жолы бойынша орнатуға дайын құрылыс конструкциялары мен детальдардың, сондай-ақ орнату үшін арналған монтаждауды қажет ететін отандық және шетелдік жабдықтардың сомасы көрсетіледі.

400 "Күрделі құрылысқа арналған құрылыс материалдары" (041) жолы бойынша күрделі құрылысқа арналған құрылыс материалдарының және құрылыс және монтаждау жұмыстары процесінде пайдаланылатын сома көрсетіледі.

410 "Өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу" (150) жолы бойынша күрделі жұмсалымдарға бөлінген қаражаттар есебінен сатып алынған құрылыс материалдары, конструкциялар және детальдар орнату үшін жабдықтар және т.б. үшін өнім берушілермен және мердігермен есеп айырысу бойынша пайда болған берешек сома көрсетіледі.

420 "Күрделі жұмсалымдарға арналған бюджет бойынша шығыстар" (203) жолы бойынша тоқсандық есепте бюджет есебінен аяқталмаған жаңа құрылыс және үйлер мен ғимараттарды қайта құру объектілері бойынша шығындардың сомасы, сондай-ақ аяқталған, бірақ қайта бағалау есебінен пайдалануға берілмеген құрылыс және қайта құру объектілері бойынша шығындар сомасы, ал жылдықта - жабылмаған шығыстар сомасы көрсетіледі.

430 "Басқа да қаражаттың есебінен күрделі жұмсалымдарға арналған шығыстар" жолы бойынша демеушілік және қайырымдылық көмектен және гранттардан бюджет есебінен аяқталмаған және аяқталған, бірақ пайдалануға берілмеген құрылыс және қайта құру объектілері бойынша, сондай-ақ жабдықтарды сатып алуға арналған шығыстар сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 4.10.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

4.11. 440 "Баланс" жолы бойынша 3 және 4-бағандар бойынша тиісінше 010-жолдан 430-жол аралығындағы жолдардың сомасы көрсетіледі.

II. ПАССИВ

Пассив - баланстың екінші бөлігі, 5 бөлімнен тұрады. Бюджеттің атқарылуы бойынша пассив балансы ұйым бюджеті қаражаттарының пайда болу көздерін көрсетеді. Онда ұйымның және күрделі құрылыстың, есеп айырысудың, қорлардың, бюджеттік ұйымның табыстарының шығыстарына арналған қаржыландыру көрінеді.

"Қаржыландыру" бөлімі

4.12. Бұл бөлімде лимиттерді таратушылар мен ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер арасындағы қаржыландыру жоспарын орындау процесінде туындайтын бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысу көрінеді. Тоқсандық есепте бюджеттен және басқа да көздерден қаржыландыру сомасы, жылдықта - қаржыландыру сомасының қалдығы көрсетіледі.

450 "Ұйымдардың және басқа да шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру жөніндегі шығыстар" (230, 140) жолы бойынша лимиттерді таратушылардан алған бюджеттен қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

460 "Басқа да бюджеттердің есебінен қаржыландыру" (232, 142) жолы бойынша басқа да бюджеттердің есебінен жекелеген шараларды жүргізуге алынған қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

470 "Балалар мекемелерін ұстауға арналған ата-аналардың қаражаттары" (236) жолы бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелерінде балаларды ұстауға арналған ата-аналардан түскен қаражаттар есебінен қаржыландыру сомасы көрсетіледі .

480 "Ұйымды ұстауға арналған өзге де қаражаттар" (238) жолы бойынша қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес өзге де көздерден алынған қаржыландыру сомасы көрсетіледі .

481 "Сыртқы заемдар қаражатынан жобаларды қаржыландыру" (239) жолы бойынша сыртқы заемдар есебінен жобаларды қаржыландыру сомасы көрсетіледі .

482 "Ішкі несиелендіру" (247) жолы бойынша - қайтарымды негізде республикалық немесе жергілікті бюджеттердің негізінде берілген несиелердің сомасы бойынша (ішкі несиелендіру бойынша), сондай-ақ мемлекеттік білімдік несие және мемлекеттік студенттік несие қаражаты бойынша берілген несиелердің сомалары жөніндегі берешектің қалдығы көрсетіледі. <*>

490 "Несиелер" (248) жергілікті бюджеттерден шағын және орта бизнес

субъектілерін несиелендіру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін сомалар, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес банк мекемелерінде алынған несиелердің өтелмеген сомалары көрсетіледі. <*>

491 "Сыртқы заемдар мен гранттар (249)" жолы бойынша Заемдар туралы келісімдерге сәйкес жобаларды қаржыландыру үшін алынған заемдар мен гранттар сомасы көрсетіледі.

Жиынтық балансты лимиттерді бас және төменде тұрған таратушы жасағанға дейін қаржыландыру бойынша ведомоство ішілік есеп айырысу оларға ведомоствольқ бағынысты мемлекеттік мекемелермен расталуы керек.

Жоғары тұрған орган балансының активінде ведомоствольқ бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру жөніндегі есеп айырысу шоттары бойынша қалдықтар ведомоствольқ бағыныстағы мемлекеттік мекемелер балансының пассивінде қаржыландыру жөніндегі есеп айырысу шоттары бойынша қалдықтарына сәйкес келуі керек.

Ескерту. 4.12-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

"Арнаулы мақсаттағы қорлар мен қаражаттар" бөлімі

4.13. Бұл бөлімде бюджеттік ұйымда бар қорлар, активтер мен материалдық активтердің тозуы көрінеді.

510, 520 "Материалдық көтермелеу қоры" (240), "Өндірістік және әлеуметтік даму қоры" (246) жолдары бойынша есепті кезеңнің аяғында пайдаланылмаған тиісті қор қаражатының қалдығы көрсетіледі.

515 "Гранттар" (245) жолы бойынша гранттар бойынша қаражаттың қалдығы көрсетіледі .

530 "Активтердегі қор" (250) жолы бойынша ұйымның тікелей қарамағында орналасқан активтер қорына (тозу есебінен) жұмсалым сомасы көрсетіледі.

533 "Өзге де қорлар" (272) жолы бойынша белгіленген тәртіпте құрылған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілер қоры қаражатының қалдығы көрсетіледі .

534 "Валюталық қаражат қоры" (273) жолы бойынша валюталық қаражат қорының қаражаттар қалдығы көрсетіледі.

535 "Бағалы қағаздардағы қор" (274) жолы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру департаменті тұлғасында мемлекетке жататын акциялардың мемлекеттік пакетінің құны көрсетіледі .

540 "Активтердің тозуы" (020) жолы бойынша бюджеттік ұйымның балансында есепте тұрған активтер тозуының жалпы сомасы көрсетіледі.

541 "Материалдық емес активтердің тозуы" (021) жолы бойынша ұйымға

жататын материалдық емес активтер тозуының жалпы сомасы көрсетіледі.

550 "Арзан құнды және тез тозатын заттардағы қор" (260) жолы бойынша ұйымның тікелей қарамағында жатқан арзан құнды және тез тозатын заттардың құнына тең сома көрсетіледі.

Ескерту. 4.13-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

"Есеп айырысу" бөлімі

4.14. Кредиттік сальдосы бар есеп айырысуды көрсететін бухгалтерлік есеп шоттар бойынша қалдықтар баланс пассивінде көрінеді (кредиттік берешек).

554 "Бекітілген қаржыландыру жоспардан тыс несие берушілермен есеп айырысу" (154) жолы бойынша - мемлекеттік мекеме бекітілген қаржыландыру жоспардан тыс сатып алған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін берешек сомасы көрсетіледі.

572 "бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігіне және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша есеп айырысулар" (158) жолы бойынша - активтер, арзан құнды және тез тозатын заттар және басқа материалдық құндылықтар үшін, кадрларды оқыту, жабдықтарды жөндеу және бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігіне және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша мемлекеттік мекемеге көрсетілетін жұмыстар мен қызметтердің түрі үшін алынған берешек сомасы көрсетіледі.

610 "Депозиттік сома бойынша есеп айырысу" (174) жолы бойынша мемлекеттік білімдік несие мен мемлекеттік студенттік несие бойынша соманы қоса алғанда бюджеттік ұйымның уақытша қарамағына түскен және белгілі бір шарттар болған кезде енгізушілерге қайтаруға немесе тағайындау бойынша беруге жататын сома көрсетіледі.

620 "Шығыстарға демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар (176)" жолы бойынша демеушілік және қайырымдылық көмек, сақтандыру төлемі түрінде түсетін және қатаң нысаналы мақсатқа пайдаланылатын қаражаттар бойынша есеп айырысулар көрсетіледі.

630 "Депоненттермен есеп айырысу" (177) жолы бойынша жалақы және стипендия, өтемақы, материалдық көмек және белгіленген мерзімде алынбаған басқа да ақшалай төлемдер сомасы көрсетіледі.

650 "Жұмысшылармен және қызметшілермен есеп айырысу" (180) жолы бойынша жалақы және басқа да ақшалай төлемдер, уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөніндегі жәрдемақылар бойынша берешек сома көрсетіледі.

660 "Стипендиаттармен есеп айырысу" (181) жолы бойынша жоғары оқу орындарының, студенттері мен аспиранттарына және мектептердің, колледждердің және т.б. оқушыларына арналған стипендиялар бойынша берешек

с о м а

к ө р с е т і л е д і .

670 "Қолма-қол ақшасыз аудару бойынша жұмысшылармен және қызметшілермен есеп айырысу" (182-187) жолы бойынша несиеге сатылған тауар үшін; салымдар бойынша банк шотына аударылған жалақы бойынша; қолма-қол ақшасыз аудару жолымен сақтандыру төлемдерін аудару бойынша; мүшелік кәсіподақ жарналарын ұстау бойынша; банк мекемелерінде жұмысшылар мен қызметшілер алған қарыз ақша үшін; жалақыдан, стипендиядан ұстау бойынша; атқарушы парақтар мен басқа да құжаттар бойынша берешек сома көрсетіледі.

680 "Орындалған жұмыстар үшін басқа да есеп айырысулар" (189) жолы бойынша жұмысына және келісім-шарт бойынша атқарған қызметіне төленетін сыйақы үшін берешек сома көрсетіледі.

681 Зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу бойынша есеп айырысулар" (191) жолы бойынша - зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу жөніндегі берешек сомасы көрсетіледі.

682 "Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер бойынша есеп айырысулар" (193) жолы бойынша - әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік көмек бойынша, заңнамаға сәйкес қызметкерлер мен қызметшілерге олардың еңбек міндеттерін орындауға байланысты мертігуден не денсаулығының зақымдалуынан келген залалдың орнын толтыру бойынша, репатрианттарға (оралмандарға) өтемақылар бойынша, қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, балаларын асырап алушыларға, қамқорлыққа алушыларға бір жолғы төлемдер бойынша, әскери қызметшілерге тұрғын үйді сақтау мен коммуналдық қызметтерді ұстау жөніндегі шығыстарды төлеуге ақшалай өтемақы бойынша, жеке тұлғаларға берілетін басқа да трансферттер бойынша берешектің сомасы көрсетіледі.

683 "Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысулар" (198) жолы бойынша - қызметкерлердің табысынан ұсталған және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылмаған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 4.14-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен, 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен, 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен.

"Өнім мен кірісті сату" бөлімі

4.15. Бұл бөлімде шеберханалардың, қосалқы ауыл шаруашылық және оқу-тәжірибелік шаруашылықтардың өндірістік қызметінің, жұмыстарды орындаудың және қызмет көрсетудің ақырғы нәтижесі көрінеді.

690 "Өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдарын сату" (280) жолы бойынша өндірістік (оқу) шеберханалары шығарған сатылған дайын бұйымдардың сомасы, сондай-ақ сатылған дайын баспа өнімдерінің және

көрсетілген қызметтердің сомасы көрсетіледі.

700 "Қосалқы оқу ауыл шаруашылығы өнімдерін сату" (281) жолы бойынша қосалқы ауыл және оқу-тәжірибелік шаруашылықтар шығарған сатылған өнімдердің сомасы көрсетіледі.

720 "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түсетін кірістер" (400) жолы бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңына сәйкес ұйымның қарамағында қалдырылатын өнімді сатудан, жұмыстарды орындаудан, ақылы қызмет көрсетуден немесе өзге де қызметті жүзеге асырудан түскен кіріс сомасы көрсетіледі және бюджет бойынша бөлінген қаржыландырудан басқа белгілі бір мақсаттарға жұмсалады.

730 "Пайда" (410) жолы бойынша шығарылған өнімді, бұйымды және көрсетілген қызметті сатудан алынған нәтиже (пайда) сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 4.15.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен .

"Күрделі құрылысты қаржыландыру" бөлімі

4.16. Бұл бөлімде күрделі жұмсалымдарды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру көрінеді.

740 "Өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу" (150) жолы бойынша күрделі жұмсалымға бөлінген қаражаттар есебінен сатып алынатын құрылыс материалдары, конструкциялар, орнатуға арналған детальдар мен жабдықтар және т.б. үшін өнім берушілермен және мердігермен есеп айырысу бойынша берешек сома көрсетіледі.

750 "Күрделі жұмсалымдарды бюджеттен қаржыландыру" (231, 143) жолы бойынша министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және бюджет есебінен қаржыландырылатын өзге де атқарушы органдардың, мемлекеттік мекемелердің күрделі жұмсалымдарын қаржыландыру сомасының қалдығы көрсетіледі.

760 "Баланс" жолы бойынша 3 және 4-бағандардың 450-ден 750 аралығындағы жолдарының сомалары көрсетіледі және бұл сома 3 және 4-бағамдардағы 440-жолдарға ұқсас болуы керек.

Баланстан тыс шоттар

4.17. Бұл бөлімнің шоттарында ұйымға жатпайтын, бірақ уақытша ол пайдаланылатын немесе оның қарамағында орналасқан құндылықтар, сондай-ақ қатаң есептегі бланкілер, демалыс үйлеріне жолдамалар мен басқалар көрінеді.

Жолдардың нөмірлеріне тиісті 770-780-жолдар бойынша материалдық құндылықтар, жалға берілген активтер мен басқалар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер қабылдаған міндеттемелер сомасы есепке алынатын баланстан тыс шоттар аударылған.

Ескерту. 4.17-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

**230; 231; 239 (140; 143) қосалқы шоттары
бойынша бюджеттен қаржыландыру сомаларының
қозғалысы туралы анықтама**

4.18. Бұл анықтама лимиттерді таратушылардың мәліметтерімен бірге баланста көрсетілген бюджеттен қаржыландыру сомасын салыстыру үшін арналған және қаржыландыру жоспарының орындалу балансымен бірге ұ с ы н ы л а д ы .

3 және 4-бағандарда (дебет) анықтама көрсетіледі:

800 "173 шотқа жатқызылған -"Бюджетке төленетін төлемдер бойынша есеп айырысу" жолы бойынша активтерді және материалдық құндылықтарды сатудан түскен және бюджет кірісіне аударылатын басқа да түсімдердің сомасы к ө р с е т і л е д і .

810 "Өндіріп алу үшін нақты емес берешек есептен шығарылды" және 820 " Ұйымның есебіне қабылданған есептен шығарылған материалдар" жолы бойынша - тиісінше дебиторлық берешекті талап ету үшін нақты емес және ұйымның есебінен шығарылған материалдардың жетіспеушілік сомалары; <*>

830 "31 желтоқсанда жабылған пайдаланылмаған лимиттердің қалдығы" жолы бойынша - 31 желтоқсанда жабылған пайдаланылмаған бюджет қ а р а ж а т т а р ы н ы ң қ а л д ы ғ ы ;

831 "31 желтоқсанда жабылған сыртқы заемдар бойынша пайдаланылмаған лимиттердің қалдығы" жолы бойынша - 31 желтоқсанда жабылған сыртқы заемдар бойынша пайдаланылмаған қаражаттардың қалдықтардың сомасы. <*>

840 "Аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері бойынша есептен шығарылған шығындар" (тоқсандық есепте толтырылмайды) жолы бойынша 4-баған бойынша жыл аяғында есептен шығарылған аяқталған және пайдалануға берілген жаңа және қайта құрылған құрылыс объектілері бойынша ш ы ғ ы н д а р с о м а с ы к ө р с е т і л е д і ;

850 "Есепті жылда есептен шығарылған шығыстар" (тоқсандық есепте толтырылмайды) жолы бойынша - 200 қосалқы шот бойынша көрсетілген жыл басындағы шығыстар қалдығын есептей отырып, жыл аяғында есептен шығарылған қаржыландыру жоспардың орындалу бойынша іс жүзіндегі ш ы ғ ы с т а р с о м а с ы ;

860 "Сыртқы заемдардың есебінен есепті жылы бөлінген лимиттер есептен шығарылды" (тоқсандық есепте толтырылмайды) жолы бойынша 3 бағанда жыл аяғында есептен шығарылған сыртқы заемдардың есебінен қаржыландырылатын жобалар б о й ы н ш а с о м а л а р к ө р с е т і л е д і ; <*>

870 "Өтеусіз тегін берілген материалдық құндылықтар және ақшалай құжаттар" жолы бойынша 3 бағанда басқа да мемлекеттік мекемелерде өтеусіз тегін берілген материалдық құндылықтардың және ақшалай құжаттардың сомасы

к ө р с е т і л е д і ;

< * >

871 "Құрылысы аяқталмаған объектілерді қаржыландыруды беру" жолы бойынша 4 бағанда бір мемлекеттік мекеменің екіншісіне аяқталмаған құрылыс объектілерін қаржыландыруға берілген сомасы көрсетіледі; <*>

880 "Барлығы" жолы бойынша - 800-ден 850-жолдардың сомасы.

7 және 8-бағандарда (кредит) анықтама көрсетіледі:

890 "Жыл басындағы қалдық" жолы бойынша - жыл басындағы 230 және 231 (140 және 143) қосалқы шоттары бойынша қаражаттар қалдығы;

900 "Жыл (тоқсан) ішінде ашылған лимиттер" жолы бойынша - есептеулер мен өндіріп алу (қайтарып алу) жүргізуге бөлінген сомалардан басқа, рұқсат етулер бойынша бөлінген лимиттердің сомасы;

901 "оның ішінде жолдағы ашық лимиттер" жолы бойынша айдың аяғында ашылған, бірақ өткен айда алынбаған Рұқсаттардың ашық лимиттерінің сомасы көрсетіледі ;

< * >

910 "Кіріске алынған артық және қайтарымсыз алынған материалдар" жолы бойынша - түгендеу кезінде анықталған артық материалдар мен тамақ өнімдерінің сомасы, қайтарымсыз алынған материалдардың құны;

920 "Осы бюджеттік ұйымның қаржыландыру жоспары есебінен орталықтандырылған тәртіпте жоғары тұрған лимиттерді таратушы жүргізген төлемдер" жолы бойынша - жоғары тұрған ұйымнан алынған материалдардың құны, сондай-ақ төменде тұрған бюджеттік ұйымның есебінен орталықтандырылған тәртіпте жоғары тұрған бюджеттік ұйым жүргізген басқа да төлемдердің сомасы ;

930 "Активтерді және АТЗ-ны жоюдан материалдардың шотына аударылғаны және түскені" жолы бойынша" - активтердің және АТЗ-ның шотынан аударылған және активтерді және АТЗ-ны жоюдан материалдардың шотына түсетін заттардың құны ;

940 "Бағамдық ерекшелік" жолы бойынша - валюталық шотқа есептелген бағамдық ерекшелік сомасы ;

941 "Сыртқы заемдар бойынша лимиттер ашылды" жолы бойынша - 7 баған бойынша сыртқы заемдардың қаражаттары есебінен жобаларды қаржыландыру сомасы көрсетіледі ; < * >

942 "оның ішінде жолдағы сыртқы заемдар бойынша ашық лимиттер" жолы бойынша - 7 баған бойынша сыртқы заемдар бойынша айдың аяғында бөлінген лимиттердің, бірақ келесі айда алынбаған сомасы көрсетіледі; <*>

943 "Кредиторлық берешекті талап ету үшін нақты емес есептен шығару" - кредиторлық берешекті талап ету үшін нақты емес сома; <*>

951 "Қайтарып алу" жолы бойынша мақсатсыз пайдаланылған даусыз тәртіпте бюджетке өндіріп алынған (қайтарып алынған) лимиттердің сомасы;

952 "оның ішінде жолдан қайтарып алу" жолы бойынша - 7 баған бойынша есепті айдың келесі айдағы қайтарып алынған қайтарып алу сомасы көрсетіледі;
< * >

961 "Өзгелер" жолы бойынша - жатақханаларда тұрғаны үшін және басқа да төлемдер ;

962 "Құрылысы аяқталмаған объектілер қаржыландыруға алынды" жолы бойынша 8 бағанда мемлекеттік мекемеден алынған аяқталмаған құрылыс объектілерін қаржыландыру сомасы көрсетіледі; <*>

970 "Барлығы" жолы бойынша - 890-нан 961-ге дейінгі жолдардың сомасы.

980 "Жыл (тоқсан) аяғындағы қосалқы шот бойынша қалдық" жолы бойынша - ағымдағы есептің шоттары аяқталған соң есепті күнге арналған қаржыландыру сомасының қалдығы.

Ескерту. 4.18-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

2-нысан (0603008) - Ұйымның шығыстар қаржыландыру жоспарының орындалу туралы есеп

4.19. Бұл нысан ұйымның шығыстарын экономикалық сыныптама шығыстарының ерекшеліктері бойынша ашық күйде көруге мүмкіндік береді және тоқсандық және жылдық есеп-қисап болып табылады. Есеп-қисап бюджеттік сыныптама шығыстарының әр функциялық тобы, мекемесі, бағдарламасы, ішкі бағдарламасы бойынша жасалады. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және қазынашылықтың аумақтық органдарында есепті кезеңде қызмет көрсетілетін, "Баск-М" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелер" бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың кодтарынан кейін бөлшек арқылы Бюджеттік сыныптаманың анықтамалығында қолданылатын осы бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың шифрларын қояды .

3-бағанда бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бөлігінде белгіленген тәртіппен оған есепті күнге енгізілген өзгерістерді ескере отырып, жылдық бюджеттік тағайындаулар көрсетіледі;

4-бағанда оған белгіленген заңнамалық тәртіппен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, жыл басынан бастап өспелі жиынмен есепті күнге арналған міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарының сомасы көрсетіледі;

5-бағанда оған заңнамалық тәртіппен енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, жыл басынан бастап өспелі жиынмен есепті күнге төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының сомасы көрсетіледі;

6-бағанда шығыстардың ерекшеліктері бөлінісінде қазынашылық органдары, жергілікті уәкілетті органдары рұқсаттарының сомасы көрсетіледі;

7-бағанда кассалық шығыстарды өтеуге енгізілген соманы шегергендегі чектер, төлем тапсырмалары және басқа да құжаттар бойынша мемлекеттік мекеменің бюджеттік шоттарынан алынған шығыстардың ерекшеліктері бойынша жыл басынан бастап өспелі жиынмен есепті кезеңге кассалық негізде жүргізілген бюджеттік қаражатты жұмсау сомасы көрсетіледі;

8-бағанда есепті кезеңнің шығыстары экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша қаржылық жоспардың орындалуы жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар көрсетіледі.

Мектепке дейінгі балалар мекемелері, санаторлық-орман және жеті жылдық балалар музыка мектептері 2-нысанда (0603008) "Оқу орындарының оқушыларынан түскен ақы" және "Мекемені ұстауға арналған өзге де қаражаттардың түсуі" жолдарынан кейін ата-аналардан түскен ақылардың сомасы және олардың "Балаларды ұстауға арналған ата-аналардың ақылары" және "Ата-аналардың берешегі" жолдарында қарастырылған берешек анықтамалары көрінеді.

Ескерту. 4.19-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002.02.19 N 71 бұйрығымен, 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен.

2-нысан (есепке алу) (коды 0603008) - "Есепке алу" белгісімен ұйымның қаржыландыру жоспарын орындау туралы есеп

4 . 2 0 . < * >

Ескерту. 4.20-тармақ алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен.

2-нысан (қайтарып алу) (коды 0603008) - "Қайтарып алу" белгісімен ұйымның қаржыландыру жоспарын орындау туралы есеп

4.21. Бюджеттен бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдалануын тексеру нәтижелері бойынша бұл қаражаттарды қайтарымға (өндіріп алуға) ұшыраған бұрмалаушылық ашылған мемлекеттік мекемелер рұқсатын алады және қосымша "қайтарып алу" белгісімен 2-нысанды ұсынады. Қайтарып алу (өндіру) сомасы 6 "жыл басында рұқсат етілгені" және 8 "Іс жүзіндегі шығыстар" бағандарында бюджеттік қаражатты мақсатсыз пайдалануда қайтарып алу (өндіріп алу) жүргізген сол ерекшеліктер бойынша көрсетіледі. 3, 4, 5, 7-бағандар толықтырылды.

< * >

Ескерту. 4.21-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен, 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен.

№ 4 нысан (0503041) Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерін сатудан алынатын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп

4.22. Өнімді сатудан, жұмыстарды орындаудан, ақылы қызметтер көрсетуден немесе өзге де қызметтерді жүзеге асырудан алынған кірістері бар мемлекеттік мекемелер 4-нысан (коды 0503041) бойынша "Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерін сатудан алынатын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп" жасайды және ұсынады.

4-нысанда ақылы қызметтердің бір түрі болған жағдайда, ақылы қызметтер бойынша кірістер мен іс жүзіндегі шығыстар көрсетіледі.

4-нысан тоқсандық және жылдық есеп-қисап болып табылады.

"Кассалық шығыстар" бағаны бойынша 010 және 170-жолдар бойынша 011 және 171-жолдар "оның ішінде ақшалай қаражаттардың қалдығы" бойынша тиісінше бөлінген есепті кезеңнің басында және аяғында ақылы қызметтерді сатудан алынатын қаражат қалдықтарының сомасы көрсетіледі. Өткен жылға арналған № 4 нысанның есепті кезеңіне 010 және 011 жолдары есептің 170, 171-жолдарына сәйкес келуі тиіс.

"Бір жылға жоспар бойынша бекітілгені" бағаны бойынша ақылы қызметтерді сатудан алынатын қаражат бойынша мемлекеттік мекеменің бекітілген кірістер және шығыстарын қаржыландыру жоспарының деректері, "Жыл басынан бері жоспар бойынша бекітілгені" бағаны - бойынша есепті күнге жыл басынан бергі жоспар бойынша бекітілген деректер көрсетіледі, 6-бағанда - іс жүзіндегі шығыстар, 7-бағанда - өспелі жиынымен жыл басынан бергі түсімдер мен кассалық шығыстардың сомасын көрсету керек.

"Бір жылға жоспар бойынша бекітілген" бағаны жоспар бойынша бекітілген ақылы қызметтерді сатудан алынатын қаражат бойынша мемлекеттік мекеменің бекітілген кірістер және шығыстарын қаржыландыру жоспарының мәліметтері, "Жылдың басындағы жоспар бойынша бекітілген" бағаны бойынша жыл басынан бергі жоспар бойынша бекітілген деректер көрсетіледі, "Орындалғаны" бағаны бойынша - жыл басынан бергі түсімдер мен шығыстардың өспелі жиынымен іс жүзіндегі сомалар көрсетіледі.

020 - жолы бойынша қайтарылған кірістердің сомаларын шегере отырып есепті кезең үшін арнаулы қаражаттар бойынша кірістер түсімінің сомасы көрсетіледі.

030 - жолы бойынша белгілі бір тапсырыстарды орындау үшін ұйым алған банк несиелерінің сомасы көрсетіледі.

040 - жол бойынша 010, 020, 030 - жолдарының сомалары көрсетіледі.

050 - жолы бойынша 051-115 - жолдар бойынша шығыстардың ерекшеліктері бойынша келесі толық көрсетіле отырып, арнаулы қаражаттар бойынша

шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.<*>

130 - жолы бойынша Үкіметтің шешімі бойынша қорларға аударым сомасы көрсетіледі.

140 - жолы бойынша тиісті бюджеттің кірісіне енгізілген кірістердің шығыстардан өсу сомасы көрсетіледі.

150 - жолы бойынша банк несиелерінің өтелген сомасы көрсетіледі.

160 - жолы бойынша ұйымның есебіне қабылданған өндіріп алу үшін нақты емес дебиторлық берешектің және материалдардың жетіспеушілік сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 4.22-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен, 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен, 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен.

№ 4 жиынтық нысан Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерін сатудан алынатын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп

4.22-1. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері "Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерін сатудан алынатын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп" 4-нысаны бойынша есепте көрсетілген деректердің негізінде "Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерін сатудан алынатын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп" 4-жиынтық нысаны бойынша жиынтық түрде есеп жасайды.

№ 4-жиынтық нысан тоқсандық және жылдық есеп-қисап болып табылады.

Ескерту. 4.22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен.

"Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттарының және сақтандыру төлемінің сомасының қозғалысы туралы есеп" 4-дк нысаны

4.23. Бұл нысанда мақсатқа сай пайдалану үшін түскен демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттарының және сақтандыру төлемінің сомасының қозғалысы көрсетіледі.

Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттарының және сақтандыру төлемінің сомасының қозғалысы туралы есепті 1 шілдеде, 1 қазанда және 1 қаңтардағы жағдай бойынша есепті жылға тапсырады.

3-бағанда демеушілік және қайырымдылық көмек қаражатының түсімдері мен жұмсалуды көрсетіледі, 4-бағанда сақтандыру төлемдері сомасының түсімдері мен жұмсалуды көрсетіледі, 5-баған - қорытынды.

010 және 170 жолдары бойынша 011 және 171 "Оның ішінде ақшалай қаражаттардың қалдықтары" жолдары бойынша бөліп көрсете отырып есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы қалдықтар көрсетіледі. Есепті жылдың 010

және 011 жолдары өткен жылғы есептің осы нысанының 170 және 171 жолдарына сәйкес келуі тиіс.

020 жолы бойынша - демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттарының түсуі.

040 жолы бойынша - 011, 020 жолдарының сомасы.

050 жолы бойынша - ағымдағы жыл үшін жұмсалған кассалық шығындардың жалпы сомасы.

140-жол бойынша - бюджеттің кірісіне аударылған сома көрсетіледі.

Ескерту. 4.23-тармақ жаңа редакцияда, өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен, 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен, 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен.

"Депозиттік қаражаттар бойынша есептеме"

N 4-д нысаны

4.24. N 4-д-нысанында депозиттік қаражаттардың қозғалысы көрсетіледі;

4-д нысаны тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады;

3-бағанның 010-жолы бойынша жыл басындағы қаражаттардың қалдықтары, ал 011-жол бойынша, оның ішінде, өткен жыл үшін есептеменің 170, 171-жолдарына сәйкес келуі тиісті ақша қаражаттарының қалдығы көрсетіледі.

020-жол бойынша ағымдағы жыл үшін депозиттік қаражаттардың түскені көрсетіледі.

040-жол бойынша 011 және 020-жолдардың сомалары көрсетіледі.

050-жол бойынша қаражаттардың шығындары көрсетіледі.

140-жол бойынша - бюджеттің кірісіне аударылған сома көрсетіледі.

3-бағанның 170-жолы бойынша есепті кезеңнің аяғындағы барлық қаражаттардың қалдығы, ал 171-жол бойынша "оның ішінде ақша қаражаттарының қалдықтары" көрсетіледі.

Ескерту. 4.24-тармақ жаңа редакцияда, өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен, 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен, 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен, 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен.

4в-нысан (коды 0503047) - Валюталық қаражаттар қорының қозғалысы туралы есеп

4.25. Валюталық қаражаттары бар мемлекеттік мекемелер "Валюталық қаражаттары бар мемлекеттік мекемелер "Валюталық қаражаттар қозғалысы туралы есеп" ұсынады.

020 - жолы бойынша валюталық қаражат түсу сомасы.

021-жол бойынша - бағамдық айырма. <*>

030-жол бойынша - айырбастау үшін түскен бюджеттік қаражаттардың сомасы. < * >

040-жол бойынша - 011, 020, 021, 030-жолдардың сомасы.

050 - жолы бойынша 061-104 - жолдар бойынша шығыстар ерекшелігі бойынша шығыстарды келесі толық жазумен валюталық қаражаттар шығындалған сомалар .

140 - жол бойынша - Бюджет кірісіне енгізілді. <*>

141-жол бойынша - басқа да аударымдар. <*>

Есептілік нысаны - жылдық, тоқсандық. <*>

4-д нысаны тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 4.25.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

4 . 2 6 . < * >

Ескерту. 4.26.-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен .

N 5-нысан (коды 0503051) - Активтердің қозғалысы туралы есеп

4.27. Есеп-қисап нысаны - жылдық, тоқсандық.

Бірінші бөлімде "Активтердің болуы" (010-019) қосалқы шоттары бойынша активтердің болуы көрсетіледі.

3 - баған "Жыл басындағы" осы нысанның өткен жылғы есебінің 6 - бағанының "Жыл аяғындағы" тиісті жолдары бойынша мәліметтеріне сәйкес келуі керек .

4 - бағанда "Түскені" есепті кезеңде активтердің түсуі көрсетіледі.

5 - бағанда "Шыққаны" - есепті кезеңде активтердің қанша шықты.

6 - бағанда есепті кезеңнің аяғында активтердің қалдығы көрсетіледі.

N 5 - нысанның екінші бөлімінде активтердің қозғалысы көрсетіледі.

130 - жолы бойынша активтердің көбею көздері 140, 150, 151, 160, 161, 162, 163 - жолдар бойынша бөліне отырып, барлық активтердің түсуі көрсетіледі.

163-жол бойынша АТЗ-дан активтерге аудару және 140-162 жолдарда санамаланбаған басқа да активтердің түсімі көрсетіледі.

180 - жолы бойынша - активтердің шығуына байланысты 190-232 - жолдары бойынша бөліне отырып, активтердің шығуы.

3 - бағанда 230 - жолы бойынша - арзан құнды және тез тозатын заттарға ауысу есебінен есепті кезеңде активтердің шығуы.

3 - бағанда 231 - жолы бойынша материалдарға ауыстырылған активтердің сомасы көрсетіледі. < * >

Ескерту. 4.27-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

6-нысан (0503053) - Материалдық құндылықтардың қозғалысы туралы есеп

4.28. Бұл нысанда ұйымға жататын материалдық құндылықтардың және АТЗ-ның болуы мен қозғалысы көрсетіледі.

Е с е п - қ и с а п - ж ы л д ы қ .

Бірінші бөлімде "Материалдық құндылықтардың және АТЗ-ның болуы" жыл басындағы және жыл аяғындағы материалдар мен тамақ өнімдерінің және АТЗ-ның қалдық құны, сондай-ақ есепті жылда ұйымның мұқтажына шығындалған материалдар мен тамақ өнімдерінің құны көрсетіледі.

3 - бағанда осы нысанның өткен жылғы есебінің жыл аяғындағы қалдығына сәйкес келуі керек есепті жылдың басындағы қалдықтары көрсетіледі.

4 - бағанда - жыл аяғындағы материалдық құндылықтардың және АТЗ-ның қ а л д ы қ т а р ы .

5 - бағанда - есепті жылдағы материалдық құндылықтардың шығыстары.

160 - жолы бойынша түсу көздерінің 161-190 - жолдар бойынша көрсете отырып, есепті жылда түскен материалдық құндылықтардың түсуінің жалпы с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

Есепті жылда шығарылған материалдық құндылықтардың жалпы сомасы шығарылған материалдық құндылықтардың шығуы ненің есебінен екендігі 201-260 - жолдар бойынша бөле отырып, 200 - жол бойынша көрсетіледі. <*>

Ескерту. 4.28-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен .

N 7 нысан - Өкілді шығындарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп

Ескерту. N 7 нысанның атауы өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен .

4.28-1. Өкілдік шығындарға қаражат алған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті 7-нысан бойынша ұсынады:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жасаған Іс-шаралар жоспарына сәйкес өкілдік шығындарға қаражат алған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері "Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті" жиынтық түрінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсынуы тиіс, соңғысы бухгалтерлік есептілік құрамында жиынтық түрдегі есепті ұсынады;

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Өкілдік шығындарға

бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті белгіленген тәртіппен жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

"Смета бойынша бекітілгені" 3-бағанында смета бойынша бекітілген өкілді шығыстарының сомасы көрсетіледі, "Кассалық шығыстар" 4-бағанында жүргізілген кассалық шығыстардың сомасы көрсетіледі, "Пайдаланылмаған лимиттің қалдығы" 5-бағанында пайдаланылмаған лимиттің қалдығы көрсетіледі. Бұдан басқа, бөлінген лимиттің сомасы анықтама түрінде көрсетіледі.

Есеп-қисап нысаны - тоқсандық және жылдық. <*>

Ескерту. 4.28-1-тармақпен толықтырылды, өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2002 жылғы 5 шілдедегі N 311 бұйрығымен .

Н 8 зт нысаны Зейнетақыларды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды және жерлеуге арналған жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді төлеу туралы есеп

4.28-2. Зейнетақыларды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды және жерлеуге арналған жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді төлеу туралы есепті бухгалтерлік есептің құрамында N 8-вп нысаны бойынша: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне; облыстық, Астана, Алматы қалаларының Еңбек, жұмыспен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау департаменттері (басқармалары), аудандық (қалалық) бөлімдері - тиісті жергілікті қаржы органдарына тапсырады. 3-бағандағы есептің нысанында есепті кезеңнің басынан бері республикалық бюджеттен немесе жергілікті бюджеттерден рұқсаттар бойынша бөлінген лимиттердің сомасы көрсетіледі, 4-бағанда - "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (ЗТМО) есеп шотына бюджеттік қаражаттың түсуі, 5-бағанда - ЗТМО-ның төлем тапсырмасымен екінші деңгейдегі банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар мемлекеттік мекемелерге (бұдан әрі - банк) соманың аударылуы, 6-бағанда - алушылардың дербес шоттарына банк аударған сома көрсетіледі.

Есеп-қисап нысаны - тоқсандық және жылдық. <*>

Ескерту. 4.28-2-тармақпен толықтырылды, өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 267 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

№ 15-нысан (коды 0503078) - Мемлекеттік мекемелерде ақшалай қаражаттардың, активтердің және материалдық құндылықтардың жетіспеушілігі мен ұрлануы туралы есеп

4.29. Бұл нысан жыл ішінде тексеру, тексеріс, түгендеу барысында ашылған жетіспеушіліктер мен ұрланулардың сомасын көрсетеді.

15 - нысанның есебі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарында ұсынылады.

№ 15 - нысанда 010 - жолы бойынша осы нысанның өткен жылғы 060 - жолына сәйкес келуі керек жыл басындағы жетіспеушіліктер мен ұрланулар бойынша берешек қалдығы көрінеді.

020 - жолы бойынша есепті жылда тексеріс, тексеру және түгендеу кезінде ашылған және 030 - жолы бойынша сомаларды бөлумен кінәлі тұлғалардың есебіне жатқызылған, сот шешімімен кінәлі тұлғаларға жатқызылған белгіленген ақшалай, активтер және материалдық құндылықтар жетіспеушілігінің және ұрлануының жалпы сомасы, сондай-ақ активтердің және материалдық құндылықтардың бүлінуінен шығындалған сомалар көрсетіледі.

040 - жолы бойынша келтірілген зиянға қайтару үшін кінәлі тұлғалардан өндіріп алынған сомалар көрсетіледі.

050 - жолы бойынша кінәлі тұлғалардың төлем қабілеті болмауынан және белгіленген тәртіптегі басқа да себептермен ұйым есебінен есептен шығарылған жетіспеушілік сомасы көрсетіледі.

051-жол бойынша ақша қаражатының жетіспейтін, есепті жылы мемлекеттік мекеменің есебінен есептен шығарылған сомасы көрсетіледі.

060 - жолы бойынша жыл аяғындағы берешек соманың қалдығы көрсетіледі. 010 және 060 - жолдары бойынша берешектердің қалдық сомасы 1 - нысанның балансына 3 және 4 - бағандарда 280 - жолы бойынша тиісінше 170 " Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысу" қосалқы шоты бойынша көрсетілген сомаларға ұқсас болуы керек. <*>

Ескерту. 4.29-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 мамырдағы № 267 бұйрығымен .

032-А нысан - республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы

4.30. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме бюджеттік жіктелім бойынша Республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосын (032-А) БАСК-М жүйесінде жұмыс істейтін қазынашылық органдарынан ай сайын алады және өзінің есептік деректерімен салыстырады. 032-А нысанында: бюджеттік сыныптама коды (Бюджеттік

сыныптама анықтамалығының шифрі); жылға арналып жоспарланған рұқсат; қабылданған міндеттемелер; бөлінген лимиттер; міндеттемелер бойынша және міндеттемелерсіз қалпын келтіру; пайдаланылмаған лимиттердің қалдығы; лимитпен қамтамасыз етілмеген міндеттемелер көрсетіледі.

ҚБАЖ жүйесінде жұмыс істейтін қазынашылық органдары қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелер 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысанын а л а д ы .

Ескерту. 4.30-тармақ жаңа редакцияда жазылды, толықтырылды, өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999.05.25. N 239 бұйрығымен , 2002.02.19 N 71 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

N 1-нысан (коды 0503061) - Лимиттерді таратушылар бойынша сомаларды тарата отырып республикалық бюджеттен алынған қаражаттар туралы ведомость

4.31. Қаржыларды ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге тарататын республикалық бюджет бойынша лимиттерді таратушы оларға ұсынылған ведомостардың (044 - нысан) негізінде осы ведомосқа өздерінің бюджеттік шотынан олар тікелей алған сомаларды қоса алғанда, бюджеттік сыныптама кодының (Бюджеттік сыныптама анықтамалығы шифрларының) бөлігінде (мекеме, бағдарлама, ішкі бағдарлама, шығыстар ерекшелігі) төмен тұрған лимиттерді таратушыдан есепті қаржылық жыл үшін кассалық шығыстарының сомалары толтырылатын Бюджеттен алынған лимиттер туралы ведомость (коды 0503061) жасайды.

Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ведомость лимиттерді төмен тұрған таратушының және тиісті қазынашылық органының қолымен және мөрімен расталады және 044-А - нысанының барлығының қосымшасымен бірге, лимиттерді бас таратушыға ұсынылады.

Әр түрлі облыстарда ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелері бар лимит иеленушілері бюджеттен алынған лимиттер туралы екі тізімдеме ресімдейді. Бір тізімдеме лимит иеленушісімен бір облыстағы ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер бойынша жасалады, Қазынашылықтың тиісті аумақтық органы растайды және жоғары тұрған лимит иеленушісіне береді . Екінші тізімдеме ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерден алынған 032-А, 4-20-нысандардың негізінде басқа облыстардағы ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекеме бойынша жасалады. Тізімдеме барлық 032-А, 4-20-нысандарының қосымшаларымен жоғары тұрған лимит иеленушілеріне ж і б е р і л е д і .

Ескерту. 4.31-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002.02.19 N 71 бұйрығымен , 2004 жылғы 3 наурыздағы N 100 бұйрығымен .

№ 2-нысан (коды 0503063) - Республикалық бюджеттен алынған қаражаттар туралы жиынтық ведомость

4.32. Лимиттерді бас таратушы - министрліктер, мемлекеттік комитеттер (мемлекеттік органдар) - төмен тұрған лимиттерді таратушыдан алған ведомостардың негізінде республикалық бюджеттен алынған қаражаттар туралы жиынтық ведомость (коды 0503063) жасайды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне ұсынады.

